

ЖАҢАЛЫҚТАР

Reuters: Қытай ядролық күштерге арналған ірі инфрақұрылым салып жатыр

30 мамыр 2026 жыл, 11:50



Шыңжаңдағы нысан. Қытай, 30 сәуір 2026 жыл.

Пекин Ресей мен Моңғолия шекараларына жақын маңда өзінің стратегиялық ядролық күштеріне арналған ірі нысандар желісін салады. Бұл жөнінде дереккөздерге сүйенген Reuters жазды.

Жаңа инфрақұрылым АҚШ аумағына жете алатын қытайдың құрлықаралық баллистикалық ракеталары орналасқан негізгі орталықтардың бірі – Хами қондырғылары бар ауданға жақын жерде **салынады**. Сарапшылардың бағалауынша, жоба Қытайдың қарсылас жақтың алғашқы соққысына жауап беру қабілетін сақтауды қамтамасыз етуі тиіс.

Reuters агенттігінің жазуынша, кешенге бетоннан құйылған 80-нен астам ұшыру алаңдары, үш үлкен сегізбұрышты құрылым, ондаған бекініс бункері, жерасты коммуналдық жүйелері, спутниктік байланыс тораптары, теміржол желілері,

әуежайлар және қару-жарақ қоймалары кіреді. Барлық нысан мыңдаған шаршы шақырым шөлді аумақты алып жатқан жолдар мен коммуналдық инфрақұрылым желісімен байланысты.

Сарапшылар Хами аймағынан ондаған шақырым қашықтықта орналасқан үш сегізбұрышты кешенге ерекше назар аударады. Сарапшылардың пікірінше, оларды мобильді ракеталық кешендер, әуе қорғаныс жүйелерін, электронды соғыс жүйелерін және стратегиялық ядролық күштерді басқару және басқару жүйесінің элементтерін орналастыру үшін пайдалануға болады.

Пентагонның мәліметі бойынша, Қытай қазіргі кезде ядролық әлеуетін жылдам күшейтіп жатыр. АҚШ қорғаныс министрлігінің желтоқсандағы есебінде Қытайдың ядролық оқтұмсықтарының саны 2030 жылға қарай 1000-ға жетуі мүмкін екені айтылған. АҚШ әскерилері сонымен қатар Пекин үш ірі жерасты базасында шамамен 100 құрлықаралық баллистикалық зымыранын орналастырып қойды деп санайды.

Қытай сонымен қатар, Ниоуан-1 ерте ескерту жүйесін де әзірлеп жатыр. АҚШ-тың мәліметі бойынша, ол құрлықаралық зымырандардың ұшырылуын 90 секундта анықтап, ақпаратты қолбасшылыққа жедел түрде жібере алады. Қытайдың қорғаныс министрлігі Reuters агенттігінің ақпаратына түсініктеме берген жоқ.



ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Державалар ядролық сынақпен қайта қоқан-лоқы жасай бастады. Неге?

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ